



Биологиялық қауіпсіздік проблемаларының ғылыми-зерттеу институты  
Биоэтика жөніндегі жергілікті комиссия

SOP-07 Зерттеулерге биоэтикалық сараптама жүргізу  
1.0 нұсқа | 1 / 4 бет

БЕКІТЕМІН

«Биологиялық қауіпсіздік  
проблемаларының ғылыми-зерттеу  
институты» ЖШС

Бас директоры

\_\_\_\_\_ Жугунисов К.Д.

« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж.

## Зерттеулерге биоэтикалық сараптама жүргізу SOP-07

ҚАРАЛДЫ

Жергілікті биоэтика комиссиясының отырысында

№ \_\_\_\_ хаттама

« \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж.

Гвардейский, 2026



## **Зерттеулерге биоэтикалық сараптама жүргізу**

### **1. Жалпы ережелер**

1.1. Осы стандартты операциялық рәсім Жергілікті биоэтика комиссиясының (бұдан әрі – Комиссия, ЖБК) ғылыми зерттеулерге биоэтикалық сараптама жүргізу тәртібін айқындайды.

1.2. Биоэтикалық сараптама зерттеудің келесілерге сәйкестігін бағалау мақсатында жүргізіледі:

- биоэтика қағидаттарына;
- биологиялық қауіпсіздік талаптарына;
- Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына;
- институттың ішкі нормативтік құжаттарына.

1.3. Сараптама өтінім берілгеннен және бастапқы әкімшілік тексеру жүргізілгеннен кейін өткізіледі.

### **2. Қолданылу саласы**

2.1. Осы SOP келесі зерттеу түрлеріне қолданылады:

- биомедициналық зерттеулер;
- биологиялық материалдармен жүргізілетін зертханалық зерттеулер;
- микроорганизмдер мен вирустармен жүргізілетін зерттеулер;
- зертханалық жануарларды пайдаланатын зерттеулер;
- биологиялық агенттермен байланысты зерттеулер;
- биоэтикалық сараптамаға жататын өзге де зерттеулер.

### **3. Жауапты тұлғалар**

3.1. Биоэтикалық сараптаманы ұйымдастыруды Комиссия төрағасы қамтамасыз етеді.

3.2. Сараптамаға арналған материалдарды дайындауды Комиссия хатшысы қамтамасыз етеді.

3.3. Сараптамалық бағалауды Комиссия мүшелері жүргізеді.

### **4. Материалдарды қарауға беру**

4.1. Әкімшілік тексеру жүргізілгеннен кейін зерттеу материалдары Комиссия төрағасына беріледі.

4.2. Комиссия төрағасы:

- зерттеуді қарау тәртібін айқындайды;



- Комиссия мүшелері арасынан баяндамашыны тағайындайды;
- қажет болған жағдайда тәуелсіз сарапшыларды тарту туралы шешім қабылдайды.

## **5. Зерттеуді қарауға дайындық**

- 5.1. Комиссия мүшелері зерттеу материалдарымен алдын ала танысады.
- 5.2. Қарауға дайындық барысында келесілер бағаланады:
  - зерттеудің ғылыми негізділігі;
  - зерттеудің мақсаты мен міндеттері;
  - қолданылатын әдістер;
  - зерттеудің ықтимал тәуекелдері;
  - тәуекелдерді азайту шаралары;
  - биологиялық қауіпсіздік талаптарына сәйкестігі.

## **6. Комиссия отырысында зерттеуді қарау**

- 6.1. Зерттеуді қарау Комиссия отырысында жүргізіледі.
- 6.2. Баяндамашы зерттеуге қысқаша сипаттама береді.
- 6.3. Талқылау барысында Комиссия мүшелері келесілерді қарастырады:
  - зерттеудің ғылыми негіздемесін;
  - зерттеудің биоэтикалық аспектілерін;
  - ықтимал тәуекелдерді және оларды азайту тәсілдерін;
  - биологиялық қауіпсіздік талаптарының сақталуын;
  - зерттеуге қатысушылардың құқықтары мен мүдделерінің сақталуын (қатысушылар болған жағдайда).

## **7. Сарапшыларды тарту**

- 7.1. Қажет болған жағдайда Комиссия тәуелсіз сарапшыларды тартады.
- 7.2. Сарапшы жазбаша қорытынды ұсынуы немесе зерттеуді талқылауға қатысуы мүмкін.
- 7.3. Сарапшы Комиссияның дауыс беру рәсіміне қатыспайды.

## **8. Шешім қабылдау**

- 8.1. Зерттеуді қарау нәтижелері бойынша Комиссия келесі шешімдердің бірін қабылдайды:
  - зерттеуді жүргізуді мақұлдау;
  - зерттеуді жүргізуді өзгерістер енгізу шартымен мақұлдау;
  - зерттеу материалдарын толықтыру үшін қайтару;
  - зерттеуді мақұлдаудан бас тарту.



Биологиялық қауіпсіздік проблемаларының ғылыми-зерттеу институты  
Биоэтика жөніндегі жергілікті комиссия

SOP-07 Зерттеулерге биоэтикалық сараптама жүргізу  
1.0 нұсқа | 4 / 4 бет

8.2. Шешім Комиссия отырысына қатысқан мүшелердің көпшілік дауысымен қабылданады.

## **9. Сараптама нәтижелерін рәсімдеу**

9.1. Зерттеуді қарау нәтижелері Комиссия отырысының хаттамасында тіркеледі.

9.2. Комиссия шешімі негізінде биоэтикалық сараптама нәтижелері туралы қорытынды рәсімделеді.

9.3. Қорытынды өтініш берушіге жіберіледі.

## **10. Қорытынды ережелер**

10.1. Осы SOP талаптарының сақталуын бақылауды Комиссия төрағасы жүзеге асырады.

10.2. Комиссия хатшысы сараптама жүргізуге байланысты құжаттардың сақталуын қамтамасыз етеді.

10.3. Осы SOP институт басшысының бұйрығымен күшіне енгізіледі.